Қаржы нарығына шолу

2022 жыл, II тоқсан

Қаржы нарығына жасалған шолу қаржы нарығындағы негізгі үрдістерді ашып көрсетеді. Ондағы мақсат – өтімділіктің негізгі ағындары қозғалысының неғұрлым толық көрінісін нарық қатысушыларына ұсыну.

Құжатты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты департаменті дайындады. Құжат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында әр тоқсан сайын электрондық нұсқада жарияланады.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	**4**
I.Сыртқы нарық	**5**
А) Іскерлік белсенділік	5
Б) Жаһандық инфляция	5
II. Ақша нарығы	**7**
А) Ұлттық Банктің операциялары	7
Б) Репо овернайт нарығының құрылымы	9
III.Валюта нарығы	**11**
А) Ішкі валюта нарығындағы ахуал	11
Б) Биржалық валюта нарығындағы операциялар	11
В) Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар	12
Г) Жеткізілмейтін валюта форвардтарының нарығы	13
Д) Қолма-қол шетел валютасы нарығы	13
IV.Қор нарығы	**16**
А) Мемлекеттік бағалы қағаздар	16
Б) Корпоративтік облигациялар нарығы	17
В) Акциялар нарығы	18
V.Депозит нарығы	**20**
А) Депозиттік операциялар	20
Б) Депозиттерді долларландыру	20
В) Депозиттік мөлшерлемелер	21
VI.Кредит нарығы	**23**
А) Кредиттік мөлшерлемелер	23
Б) Жаңа кредиттер беру	23
В) Нетто-кредиттеу және ЕДБ кредит портфелі	24
I-бокс. Жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу	**14**

КІРІСПЕ

Сыртқы нарық. Әлемдегі инфляцияның өсуі және дамыған елдердің ақша-кредит саясатын күшейтуі, әлемдік экономикадағы өсімнің баяулауына тән қауіптер мен дамыған елдердегі рецессия тәуекелдері – осының бәрі әлемдік нарықтарға кері әсерін тигізді. Мұнай бағасы Қытайда эпидемиологиялық шектеулер енгізіліп, АҚШ-та мұнайдың стратегиялық қорларын пайдалануға қатысты шешім шығарылғандықтан, жоғары құбылмалылықты сақтап қалды.

Ақша нарығы. Ақша нарығында өтімділіктің өсуі негізінен Ұлттық қордан трансферттер аясында банк жүйесіне қаражаттың келіп түсуіне байланысты байқалды. Нәтижесінде Ұлттық Банк операцияларының ақша нарығындағы теріс сальдосы (ашық позиция) ұлғайды. Өтімділіктің негізгі көлемі ҚРҰБ қысқа мерзімді ноталармен және депозиттік аукциондармен алынды. Репо нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер теңгелік өтімділікке жоғары сұраныс кезеңдерінде өсуді көрсетті және алып қараған тоқсанның соңында төмендеді.

Валюта нарығы. Айырбастау бағамы 2022 жылғы мамырдың соңында едәуір нығайып, одан кейін маусымның соңына қарай әлсіреп тоқсан бойына әртүрлі бағыттағы динамикамен сипатталды. Егер теңгенің нығаюы капитал қозғалысына және мұнай бағамдарының өсуіне қатысты қабылданған шектеулерге орай Ресей рублінің АҚШ долларына қатысты едәуір нығаюына байланысты болса, онда тоқсанның соңына қарай әлсіреуге кейіннен мұнай бағамдарының төмендеуі, АҚШ ФРЖ мөлшерлемесінің күрт және айтарлықтай артуы аясында дамушы елдерден капиталдың әкетілуі ықпал етті.

Қор нарығы. Қор нарығындағы жағдай тұрақтанды. Мемлекеттік бағалы қағаздар мен корпоративтік облигациялардың сауда-саттық көлемі айтарлықтай ұлғайды. Тұтастай алғанда, кірістіліктің тәуекелсіз қисығы базалық мөлшерлеменің көтерілуі аясында өсуді көрсетті. Бұл ретте, өтімділік профициті аясында маусымда TONIA мөлшерлемесінің төмендеуінен кірістілік қисығы маусымда «дөңес» нысанға ие болды. Акциялар нарығында АҚШ ФРЖ ақша-кредит саясатының қатаңдауына байланысты инвесторлардың тәуекелді активтерден шығуы аясында төмендеу үрдісі жалғасты.

Депозит нарығы. Депозиттік портфельдің өсу қарқыны өткен жылдың жоғары базасы мен валюталық салымдардың төмендеуі аясында жылдық мәнінде баяулады. Бұл ретте теңгелік салымдар маусымда жыл басынан бері алғаш рет айтарлықтай өсім көрсетті. Банк секторының долларлануы талдау жасалып отырған тоқсанның соңына қарай теңгемен қаражаттың әкелінуі және шетел валютасымен әкетілу салдарынан төмендеді.

Кредит нарығы. Базалық мөлшерлеменің жоғарылауынан кейін кредиттік ресурстардың құны көтерілді. Дегенмен, кредиттеу көлемі негізінен бизнес пен халыққа теңгемен берілген кредиттер есебінен өсуді жалғастырды. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығынан басқа барлық салаларда жаңа кредиттер берудің өсуі тіркелді. Кәсіпорындарға жаңа кредиттер берудің өсуінің негізгі қозғаушы күші сауда және көлік секторлары болды.

I. Сыртқы нарық

2022 жылғы II тоқсанда сыртқы экономикалық жағдай теріс тәуекел-сентиментпен сипатталды.
Инфляцияны тежеу мақсатында дамыған елдердің орталық банктерінің монетарлық жағдайларды қатаңдатуы, әлемдік экономиканың өсімінің баяулауынан қауіптенуі және дамыған елдердегі рецессия тәуекелдері - осының бәрі әлемдік нарықтарға кері әсерін тигізді.
Мұнай бағасы жоғары құбылмалылықты сақтап, Қытайда эпидемиологиялық шектеулер енгізу және АҚШ-тың мұнайдың стратегиялық қорларын пайдалану шешімі аясында сәуірде бір барреліне 100 АҚШ долларынан сәл төмендеді. Бұл ретте маусымда Ресей мұнайына эмбарго енгізу және сақталып отырған геосаяси шиеленіс жағдайында 2022 жылдың екінші тоқсанында мұнай баға белгілемінің ең жоғары мәніне қол жеткізілді.

А) Іскерлік белсенділік

2022 жылғы II тоқсанда әлемде іскерлік белсенділіктің аздап артқаны байқалды. Іскерлік белсенділіктің жаһандық индексі сәуірде 51,2-ге дейін (наурызда – 52,7) төмендегеннен кейін тоқсанның соңына қарай 53,5-ке дейін көтеріле бастады.
Тоқсанның басында әлемдегі іскерлік белсенділікке қолайсыз геосаяси жағдай мен Қытайдағы коронавирустың өршуі тежеуші әсер етті.
Алайда мамыр айынан бастап Қытайда ауру-сырқаудың өсуінің баяулауы аясында әлемдегі іскерлік белсенділік көрсеткіші өсім көрсетті (1-график).
Дегенмен, іскерлік белсенділікті қалпына келтіру тұрақсыз жүргізілуде. Мәселен, индекс деректері бойынша, еуроаймақ пен АҚШ елдеріндегі іскерлік белсенділік бәсеңдеді. АҚШ-тың өндірістік саласындағы PMI екі жылдық минимумға дейін төмендеп, 52,7-ге жетті. ЕО-да қызмет көрсету саласында 53 тармаққа дейін 3,1 тармаққа айтарлықтай төмендеу байқалды.

1-график. PMI іскерлік белсенділігінің әлемдік индексінің динамикасы[1]



Дереккөзі: Refinitiv

Б) Жаһандық инфляция

Әлемдегі проинфляциялық қысым артып, рекордтық деңгейге жетті. 2022 жылғы маусымда АҚШ-тағы инфляция 9,1% (наурызда 8,5%), еуроаймақта – 8,6% (7,5%) ж/ж жетті.
Алайда Ресейде инфляция тарихи максимумнан сәуірде 17,9% ж/ж -дан 2022 жылғы маусымда 15,9% ж/ж -ға дейін төмендейді. Бұған рубльдің нығаюы, тұтынушылық сұраныстың төмендеуі, сондай-ақ тұтынушылық белсенділіктің баяулауы ықпал етеді (2-график).
Орташа есеппен алғанда, нарығы қалыптасып келе жатқан елдерде инфляция дамыған елдерге қарағанда жоғары қарқынмен өсуін жалғастыруда.
Әлемдегі инфляцияның жаппай жеделдеуі әлемдегі ақша-кредит талаптарының қатаңдауына әкеп соқты. АҚШ ФРЖ базалық мөлшерлемені II тоқсанда мамырда 0,25-0,5-тен 0,75-1%-ға және маусымда 75 б.т-қа 1,5-1,75%-ға дейін екі рет күрт және едәуір көтерді.

[1] Іскерлік белсенділік индексі (ағылш. Purchasing Managers' Index немесе PMI)

2-график. АҚШ, ЕО, Ресей, дамушы және дамыған елдер инфляциясының динамикасы



Дереккөзі: Refinitiv, ҚРҰБ есептеулері

АҚШ ФРЖ пайыздық мөлшерлемесінің екі есе көтерілуі АҚШ долларының 20 жылдық максимумға дейін жаңандық нығаюына және АҚШ қазынашылық облигацияларының кірістілігінің өсуіне әкелді. DXY индексі 2022 жылғы екінші тоқсанда 6,5%-ға 104,69-ға дейін, онжылдық облигациялардың кірістілігі 2,3%-дан 2,97%-ға дейін өсті (3-график).

Бұл дамушы елдердің валюталарына айтарлықтай қысым көрсетеді. II тоқсан қорытындысы бойынша дамушы елдердің валюта индексі 3,9%-ға төмендеді.

3-график. АҚШ МБҚ кірістілігі (%), EM валютасы және АҚШ долларының индексі (31.12.2019 = 100)



Дереккөзі: Refinitiv, ҚРҰБ есептеулері

Сәуірдің басында АҚШ мұнайдың стратегиялық қорын пайдалану және Қытайда эпидситуацияның нашарлауы туралы жариялағаннан кейін мұнай баға белгілеулері бір барреліне 100 АҚШ долларынан төмендей бастады. Алайда олардың үрдісі құбырмен тасымалданатын ресейлік мұнайды экспорттауға ЕО-ның ішінара тыйым салуын енгізуге байланысты, сондай-ақ мамырдың ортасынан бастап Қытайда карантинді біртіндеп алып тастау аясында өрбіді.

Шілде-тамызда ОПЕК+ квотасының тәулігіне 430 мың баррельден 648 мың баррельге дейін ұлғаюына қарамастан, мұнай бағамдары өсіммен жауап берді, себебі бірқатар елдердің мұнай өндіру көлемін тез өсіру мүмкіндігі күмән тудырады.

Ресейден газ жеткізу проблемалары аясында Еуропаның энергетикасындағы жағдайға байланысты көмірдің бағасы да тарихи рекордқа бой алды. Газдың жоғары бағасы және ЕО-ның Ресей отынын алмастыруға ұмтылысы басқа өңірлерден энергия тасығыштарға сұранысты арттырады (4-график).

4-график. Мұнай, көмір және табиғи газ бағаларының динамикасы (31.12.2019 = 100)



Дереккөзі: Refinitiv, ҚРҰБ есептеулері

Геосаяси шиеленіс, инфляцияның жоғары деңгейі, монетарлық жағдайлардың күшеюі және әлемдік рецессияға байланысты қауіптің күшеюі нәтижесінде жаңандық инвесторлардың тәуекел-сентименттері 2022 жылғы II тоқсан ішінде теріс болды.

2022 жылы әлемдік экономиканың өсу болжамы нашарлап барады. Халықаралық валюта қоры әлемдік экономиканың өсу болжамын 2022 жылы 4,4%-дан (қаңтарда) 3,6%-ға (сәуірде) едәуір төмендетті.

Бұл акциялар нарығына кері әсерін тигізді. 2022 жылғы II тоқсанның қорытындысы бойынша MSCI World индексі 16,6% төмендеді.

Сонымен бірге, Goldman Sachs Group Inc. экономиканың келесі жыл ішінде рецессияға түсу ықтималдығын бұрынғы 15%-дың орнына 30%-ға бағалайды.

II. Ақша нарығы

Ұлттық Банктің ақша нарығындағы операцияларының теріс сальдосы (ашық позиция) 2022 жылғы II тоқсанда теңгелік өтімділік ұсынысының өсуі аясында ұлғайды. Өтімділіктің негізгі көлемі қысқа мерзімді ноталармен және депозиттік аукциондармен алынды.
Репо нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер теңгелік өтімділікке жоғары сұраныс кезеңдерінде өсімін көрсетті және 2022 жылғы II тоқсанның аяғында төмендеді.

2022 жылғы II тоқсанда Ұлттық Банк 2021 жылдың екінші жартысынан басталған ақша-кредит саясатын қатаңдату саясатын жалғастырды.
2022 жылғы 26 сәуірден бастап базалық мөлшерлеме 14,0%-ға дейін (13,5%-дан) көтеріліп, 7 маусымда осы деңгейде сақталды. Базалық мөлшерлемені көтеру туралы шешім сәуірде инфляцияның жеделдеуі, сыртқы инфляциялық қысымы және оның ішкі бағаға көшуі, сондай-ақ фискалдық ынталандыру аясында қабылданды.
2022 жылғы II тоқсанда бір күндік РЕПО мөлшерлемесі пайыздық дәліздің ішінде болды. Тоқсанның басында мөлшерлеме негізінен валюта нарығындағы тұрақсыздық аясында теңгелік өтімділікке сұраныстың өсуіне байланысты, мамырда - тоқсан сайынғы салық апталығы жағдайында жоғары шекараның маңында болды. II тоқсанның соңында валюта нарығындағы ахуалдың тұрақтануына, сондай-ақ ақша нарығындағы теңгелік өтімділіктің өсуіне қарай мөлшерлемесі негізінен төменгі шекара маңында болды (5-график). TONIA мөлшерлемесі 2022 жылғы мамырдың соңында жыл басынан бері ең жоғары 14,9% мәнге жетіп, маусымның соңында 13,4%-ға дейін төмендеді.

5-график. МБҚ-мен репо нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚРҰБ

TONIA мөлшерлемесі мен базалық мөлшерлемесі арасындағы спредтің мөлшері тұтастай алғанда есепті кезеңде оң деңгейде сақталды және 2022 жылғы маусымның екінші онкүндігінен бастап теріс аймаққа өтті, және 2022 жылғы II тоқсанда орта есеппен нөлге жақын (0,01 т.ш.) мәндерде қалыптасты. Салыстыру үшін 2022 жылғы I тоқсандағы жоғары құбылмалылық кезеңінде спред ақша нарығының мөлшерлемелері пайыздық дәліздің жоғарғы шекарасына жақын қалыптасқан кезде 0,4 т.ш. деңгейінде қалыптасты.

А) Ұлттық Банктің операциялары

2022 жылғы II тоқсанда негізінен ашық нарық құралдарымен алынатын ақша нарығындағы өтімділік профициті I тоқсанмен салыстырғанда 3,1 трлн теңгеге дейін 21,0%-ға немесе 540,0 млрд теңгеге өсті (6-график). Өтімділіктің өсуіне Ұлттық қордан трансферттер аясында фискалдық саясат тарапынан банк жүйесіне қаражаттың түсуі ықпал етті. Алулардың негізгі көлемі ноталар (1,8 трлн теңге), депозиттік аукциондар (0,7 трлн теңге) және ҚРҰБ депозиттері (0,5 трлн теңге) арқылы жүзеге асырылды.

6-график. ҚР ҰБ операциялары бойынша ашық позиция



Дереккөзі: ҚР ҰБ

II тоқсанның қорытындысы бойынша барлық ноталардың үштен екісін құраған алып қою құралдарының құрылымында бір айлық ноталардың үлесі айтарлықтай өсті. Үш айлық және жартыжылдық ноталардың үлесі жартыжылдық ноталарды шығару тоқтатылуына және екінші тоқсанда үш айлық ноталарды шығару көлеміне лимит қойылуына байланысты тиісінше 14,5%-ға дейін және 9,8%-ға дейін (I тоқсанда – 31,8% және 24,0%) қысқарды (7-график).

7-график. Ноталар мен депозиттік аукциондар бойынша ашық позиция



Дереккөзі: ҚРҰБ

Депозиттік аукциондар мен ноталар бойынша мөлшерлемелер базалық мөлшерлеме өсуінен кейін көтерілді (8-график). Депозиттік аукциондар бойынша мөлшерлемелер базалық мөлшерлеме деңгейінде, бір айлық және 3 айлық ноталар бойынша мөлшерлемелер мәндері бойынша базалық мөлшерлемеге жақын мөлшерде қалыптасты.

8-график. Ноталар мен депозиттік аукциондар бойынша мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚРҰБ

Тұрақты қолжетімділік операциялары ретінде ҚРҰБ ақша нарығында тікелей репо және теңге ұсынысының өсуі аясында есепті кезеңде өскен ЕДБ-ның 1 күндік мерзімі бар ҚРҰБ-дағы депозиттері арқылы өтімділікті алып қою бойынша қысқа мерзімді мәмілелер жүргізді.

Тікелей репо операциялары 2022 жылғы I тоқсанмен салыстырғанда орта есеппен 3,5 есеге жуық өсті (2021 жылғы II тоқсанмен салыстырғанда 1,8 есе), банктердің ҚРҰБ-дағы депозиттері арқылы алып қою көлемі 2,9%-ға (2021 жылғы II тоқсанмен салыстырғанда 24,2%-ға) төмендеді (9-график).

Өтімділіктің артық өсуі аясында кері репо және валюталық своп операциялары арқылы жүзеге асырылған ҚРҰБ өтімділікті ұсыну бойынша операциялары төмендеді. Кері репо операцияларының көлемі I тоқсанмен салыстырғанда 2 есеге жуық төмендеді (өткен жылғы II тоқсандағы шамалы көлемдер аясында айтарлықтай өсім), олардың орташа бір күндік көлемі 139,6 млрд теңгені құрады.

Өткен тоқсанмен салыстырғанда ҚРҰБ валюталық своп операцияларының көлемі едәуір төмендеді, бұл да өтімділікке қажеттіліктің қысқарғанын көрсетеді. 2022

жылғы II тоқсанда валюталық своп операцияларының орташа бір күндік көлемі 29,8 млрд теңгені құрады (I тоқсанда - 38,0 млрд теңге).

9-график. ҚРҰБ тұрақты қолжетімділік операцияларының көлемі



Дереккөзі: ҚРҰБ

Б) Репо овернайт нарығының құрылымы

Репо нарығының құрылымында негізгі үлес 54% үлесі бар бір күндік репо операцияларына тиесілі.

Операциялар көлемі 30 күндік репоны қоспағанда, барлық мерзімдер бойынша (тоқс./тоқс.) өсті (10-график).

10-график. Репо нарығындағы ашық позициялар



Дереккөзі: ҚРҰБ

Бір күндік репо нарығында өтімділікті орналастырудың барлық көлемінен үштен бір бөлігі - 34% (2022 жылғы I тоқсанда 14%) тиесілі брокерлік және инвестициялық компаниялардың өтімділікті орналастыру үлесі едәуір өсті. Қалған қатысушылар қатысу үлестерін төмендетті: банктер - 30%-ға дейін (2022 жылғы I тоқсанда 37%), ірі қорлар, даму банктері, мемлекеттік компаниялар - 20%-ға дейін (33%) және Ұлттық Банк - 15%-ға дейін (16%).

Өткен тоқсанмен салыстырғанда үлесін 77%-дан 88%-ға дейін ұлғайтып, активтерінің мөлшері бойынша үздік 10 ЕДБ өтімділікті орналастыру бойынша басым болып келеді.

Өтімділікті тарту бойынша банктер (57%; (2022 жылғы I тоқсанда 52%), сондай-ақ брокерлік, инвестициялық компаниялар мен ірі қорлар (32%; 2022 жылғы I тоқсанда 43%) негізгі ойыншылар болып қалуда (11-график). Өтімділіктің артық болуы аясында Ұлттық Банктің үлесі 11%-ға дейін өсті (2022 жылғы I тоқсанда 4%).

11-график. 1 күндік репо нарығының құрылымы



Дереккөзі: ҚР ҰБ, ҚҚБ

**Басқалары- брокерлік және инвестициялық компаниялар, ірі қорлар мен даму банктері*

2022 жылғы II тоқсанда бір күндік репо нарығында қаражат тарту бойынша банктердің және брокерлік, инвестициялық компаниялардың үлесі өсуі нарық шоғырлануы ұлғаюына әкелді.

Брокерлік және инвестициялық компаниялардың үлесі ұлғаюы, сондай-ақ ірі қорлардың, даму банктерінің және мемлекеттік компаниялардың үлесі төмендеуі есебінен орын алған нарыққа барлық қатысушылардың біркелкі қатысуы есебінен өтімділікті орналастыру бойынша нарықтың шоғырлануы қалыпты болып табылады (12-график).

12-график. Бір күндік репо нарығының шоғырлануы (Херфиндаль-Хиршман индексі)



Дереккөзі: ҚР ҰБ

Нарықтағы шоғырлану дәрежесін бағалау үшін қолданылатын Херфиндаль — Хиршман индексі негізінде есептелді. Барлық қатысушылардың үлестері квадраттарының сомасы ретінде айқындалады. Жеке қатысушының үлес салмағы негұрлым жоғары болса, индекстің мәні соншалықты жоғары болады. Осылайша, неғұрлым бұлыңғыр жер барынша жоғары шоғырлануды білдіреді:

Жоғары шоғырланған нарықтар: 1800 < HHI < 10000; -10000 < HHI < -1800

Орташа шоғырланған нарықтар: 1000 < HHI < 1800; -1800 < HHI < -1000

Төмен шоғырланған нарықтар: 0 < HHI < 1000; - 1000 < HHI < 0

III. Валюта нарығы

2022 жылғы II тоқсан ішінде валюта нарығында әртүрлі бағыттағы динамика байқалды. 2022 жылғы мамырдың соңында теңгенің айырбастау бағамы бір АҚШ доллары үшін 415,16 теңгеге дейін едәуір нығайып, 2022 жылғы маусымның соңында әлсірегенін көрсетті.

Капитал қозғалысы бойынша қабылданған шектеулер аясында Ресей рублінің АҚШ долларына қатысты едәуір нығаюы және мұнайға баға белгілеудің өсуі сәуір-мамырда теңге нығаюының негізгі себептері болды. Бұл ретте айырбастау бағамының динамикасы тоқсанның соңына қарай әлсіреу жағына қарай өзгеруі көбінесе мұнайға баға белгілеу кейіннен төмендеуіне, АҚШ ФРЖ мөлшерлемені көтеруі аясында дамушы елдерден капиталдың кетуіне және жағымсыз геосаяси жағдайға байланысты болды.

Тоқсанның қорытындысы бойынша теңгенің биржалық бағамы АҚШ долларына қатысты бір АҚШ доллары үшін 470,24 теңгеге дейін 0,7%-ға әлсіреді.

А) Ішкі валюта нарығындағы жағдай

2022 жылғы II тоқсан ішінде АҚШ долларының теңгеге қатысты айырбастау бағамының динамикасы түрлі бағытта болды.

Тоқсанның бірінші жартысында теңгенің айырбастау бағамы нығаю үрдісінде болды. 2022 жылғы мамырда тоқсан сайынғы салық апталығы кезеңінде теңге бағамы бір АҚШ доллары үшін 415,16 теңгеге дейін нығайды. Осының аясында бейрезиденттердің МБҚ мен ҚР ноталарына салымдарының көлемі II тоқсанда 477,5 млрд теңгеге дейін 12,5-ға өсті. Осылайша, бейрезиденттердің МБҚ мен ҚР ноталары нарығына қатысу үлесі I тоқсандағы 2,9%-дан 2022 жылғы II тоқсанда 3,1%-ға дейін өсті.

Сонымен қатар, маусымда шетел валютасына деген сұраныстың жағдайы сыртқы сияқты және ішкі факторларға да байланысты өзгерді. АҚШ ФРЖ монетарлық саясатын қатаңдатуы аясында АҚШ долларының жаһандық нығаюы нарыққа қатысушылардың әрекетіне елеулі әсер етті.

Ішкі факторлар арасында дивидендтер төлеу және компаниялардың экспорттық түсімін белсенді сатуы аяқталуы есебінен төмендетілген ұсыныс салдарынан заңды тұлғалар тарапынан шетел валютасына сұраныс жоғарлағаны байқалды. Нәтижесінде тоқсанның қорытындысы бойынша теңге бір АҚШ долларына қатысты 2022 жылғы наурыздың соңындағы 467,03-тен маусымның соңында бір АҚШ доллары үшін 470,24 теңгеге дейін 0,7%-ға әлсіреді.

Ұлттық қордан бюджетке трансферттер бөлу (бір тоқсанда 610 млн АҚШ доллары), сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюта түсімінің бір бөлігін 1,3 млрд АҚШ доллары мөлшерінде сатуы шеңберінде валютаны сату жүзеге асырылды (13-график). 2022 жылғы II тоқсанда биржалық және банкаралық сегменттерде спот операцияларының жалпы көлемі 34,5 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2021 жылғы II тоқсандағы көрсеткіштен 8,8%-ға төмен (2022 жылғы I тоқсандағыдан 5,3%-ға жоғары).

13-график. Биржалық нарықтағы сауда-саттық көлемі, ҰҚ-дан валютаны конвертациялау



Дереккөзі: ҚР ҰБ

Б) Биржалық валюта нарығындағы операциялар

Геосаяси жағдайдың тұрақсыздығы және рубль бағамының құбылмалылығы жағдайында 2022 жылғы II тоқсанда теңге

бағамының АҚШ долларына қатысты құбылмалылығы сақталды (14-график).

14-график. Биржада теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамының құбылмалылығы, %



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

Егер есепті тоқсанның бірінші жартысында теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы нығайып отырса (жасыл шамдар), ал маусымның басынан бері күндізгі сауда-саттықта теңгенің АҚШ долларына қатысты әлсіреуі көрсетілді, онда USD/KZT жұбының жабылу бағасы ашылу бағасынан (қызыл шамдар) асып түскені байқалды (15-график).

15-график. Биржалық валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: Refinitiv, ҚҚБ

Спот пен своп операцияларын қоса алғанда, жалпы биржалық нарықтағы сауда-саттықтың жалпы көлемі 30,2 млрд АҚШ долларын құрады, бұл өткен тоқсаннан 1,6 есе жоғары (және 2021 жылғы осындай тоқсаннан 1,3 есе жоғары) (16-график).

16-график. Мәмілелер түрі бойынша биржалық валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ

Валюталық спот нарығындағы құбылмалылық своп нарығында да көрініс тапты. Бір күндік валюталық своптар бойынша мәмілелер көлемі алдыңғы тоқсанға қарағанда 2 есе айтарлықтай өсіп, 16,7 млрд АҚШ доллары болды (2021 жылғы II тоқсанмен салыстырғанда 6,4 есе жоғары). Бұл ретте 2 күндік валюталық своптар бойынша мәмілелер көлемі 9,1 есе, 7,1 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайды (2021 жылғы II тоқсанмен салыстырғанда 3,3 есе жоғары). Валюталық нарық қатысушыларының арасында сұранысы аз бір айлық своптар бойынша мәмілелер көлемі 105 млн АҚШ долларын құрады (17-график).

17-график. Биржалық валюталық своптар бойынша мәмілелер



Дереккөзі: ҚҚБ

В) Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар

Банкаралық валюта нарығы

Банкаралық валюта нарығында спот мәмілелерінің көлемі 28,3 млрд АҚШ долларына дейін 17,3%-ға өсті, оның

ішінде бір еншілес банктің валюталық тәуекелдерден меншікті капиталды хеджирлеу операцияларының көлемі 23,4 млрд АҚШ доллары немесе 82,6% болды. Бұл операциялар теңгенің айырбастау бағамының қалыптасуына әсер етпей, банк тобының ішінде жүргізілді (18-график).

18-график. Банкаралық валюта нарығындағы NZD/USD валюта жұбымен сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ҚРҰБ

Жекелеген банктің меншікті капиталын хеджирлеу мәмілелерін қоспағанда, банкаралық валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі есепті тоқсанда 5,5 млрд АҚШ долларына дейін 37,8%-ға төмендеді.

Г) Жеткізілмейтін валюталық форвардтар нарығы

2022 жылғы II тоқсанда жеткізілмейтін валюталық форвардтардың (NDF) доллар-теңге жұбы бойынша баға белгілеу динамикасы нарық қатысушыларының геосаяси тәуекелдердің өсуіне байланысты теңге бағамының өзгеруі бойынша көңіл-күйі мен күтулерін көрсете отырып құбылмалы болды (19-график).

19-график. NDF спредтері, жылдық



Дереккөзі: ҚРҰБ

Д) Қолма-қол шетел валютасы нарығы

2022 жылғы II тоқсанда халық нетто негізде 567,3 млрд теңгеге баламалы сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алды, бұл өткен тоқсанмен салыстырғанда 20,8%-ға аз (өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 0,4%-ға артық) (20-график). Қолма-қол шетел валютасын жиынтық нетто-сатып алу құрылымындағы АҚШ долларының үлесі жалпы шығыстардың 46,4%-ы, еуро – 36,7%-ы, Ресей рублі – 16,4%-ы болды.

20-график. Халықтың шетел валютасын нетто сатып алуы/сатуы



Дереккөзі: ҚҚБ, Refinitiv, ҚРҰБ есептеулері

1-бокс

Жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2022 жылдың II тоқсанында АҚШ долларына қатысты көлем тұрғысынан анағұрлым саудаланатын дамушы елдердегі валюталар бағамының динамикасы төмендегідей қалыптасты:



Қаралып отырған кезеңде **Ресей рублі** бірқатар валюталық бақылау шараларын: күрделі операцияларға шектеулер, шикізат компаниялары үшін валютаны міндетті түрде сату бойынша талаптар енгізуге байланысты, сондай-ақ энергия ресурстарының жоғары бағалары аясында 38,2%-ға (83,2-ден 51,45-ке дейін) нығайды, бұл өз кезегінде ішкі нарықтағы шетел валютасы ұсынысының сұраныстан асып түсуіне әкелді. Тоқсанның соңына қарай 29 маусымда Мәскеу биржасында Ресей рублі алғаш рет жеті жылдық ең жоғарғы деңгейге – бір АҚШ доллары үшін 50,01 рубльге жетті. Геосаяси ахуалдың шиеленісуі аясында РФ Орталық банкінің негізгі мөлшерлемесі 20%-ға дейін күрт көтерілгеннен кейін 2022 жылғы екінші тоқсанда реттеуші оны тоқсанның соңына қарай 9,5% деңгейінде белгілеп, мөлшерлемені төрт рет төмендетті.

Мексика песосы қаралып отырған тоқсанда доллардың жаһандық нығаюы (маусымда DXY АҚШ доллары индексі 2002 жылғы желтоқсаннан бастап ең жоғары деңгейге жетті) және АҚШ қазынашылық облигациялары кірістілігінің өсуі аясында 1,3%-ға (19,87-ден 20,12-ге дейін) әлсіреп, шамалы төмендегенін көрсетті.

Индонезия рупиясының II тоқсанда 3,8%-ға (14363-тен 14903-ке дейін) әлсіреуі әлемдік нарықтағы құбылмалылықтың жоғары болуына және АҚШ ФҚЖ ақша-кредит саясатын қатаңдату салдарынан елдің облигацияларынан шетелдік қорлардың кетуіне байланысты жаһандық тәуекел дәрежесінің нашарлауына негізделді.

Мұнай мен шикізаттың жоғары бағасы (төлем балансының тапшылығы жөнінде күту), DXY АҚШ долларының нығаюы және шетелдік инвесторлардың айтарлықтай кетуі **үнді рупиясының** құнсыздану факторларына айналды. Қаралып отырған тоқсанда үнді валютасы тарихи минимумдарды жаңартып, 4,2%-ға әлсіреді (75,79-дан 78,98-ге дейін).

Бразилия реалының динамикасы сәуірдің соңынан бері жаһандық әлемдік нарықтағы ахуалдың ықпалында болды. Covid-19 инфекциясымен күресу салдарынан Қытай экономикасының баяулауына қатысты алаңдаушылық, сондай-ақ АҚШ ФРЖ-ның ақша-кредит саясатын қатаңдату жөніндегі риторикасы аясында, ОБ-ның мөлшерлемені (13,25%-ға дейін 50 базситік тармаққа) көтеру туралы жүйелі шешіміне қарамастан, реал екінші тоқсанда 11%-ға (4,74-тен 5,26-ға дейін) әлсіреді. Президенттің қазан айында сайлау алдында отын бағасын төмендету жоспарына байланысты инвесторлардың елдің фискалдық орнықтылығына қатысты алаңдаушылығы Бразилия валютасына қосымша қысым көрсетті

Covid-19 жаңа толқыны мен вирустық шектеулердің қайта басталу қаупі, Квазулу-Натал провинциясындағы апатты су тасқынынан болған залал Оңтүстік Африка рандына қысым көрсетіп, оның кезеңдегі долларға қатысты бағамы 11,4%-ға әлсіреді (14,61-ден 16,28-ге дейін). Бұдан басқа, ОАР-дың ұлттық валютасының әлсіреуі ОБ-ның пайыздық мөлшерлемені жоғарылатуына қарамастан (4,75%-ға дейін 50 б.т.) доллар мен АҚШ-тың

қазынашылық облигациялары кірістілігінің едәуір өсуі аясында шетел капиталының әкетілуіне себепші болды. Eskom энергетикалық компаниясы жұмысшыларының наразылығы және электр қуатын мәжбүрлі түрде тоқтата тұру туралы хабар Оңтүстік Африка валютасына теріс әсер етті.

Түрік лирасы қаралып отырған тоқсанда жаһандық тәуекел-сентименттің төмендеуі және инфляцияның рекордтық мәндеріне қарамастан жұмсақ ақша-кредит саясатына қатысты сақталып отырған алаңдаушылық кезінде АҚШ долларына сұраныстың өсуі аясында 13,8%-ға (14,67-ден 16,7-ге дейін) әлсіреді (маусымда жылдық инфляция 78,62%-ға жетті).

IV.Қор нарығы

Сәуір-маусымда қор нарығындағы ахуалдың тұрақтануы және нарықтардың алдыңғы кезеңдегі жоғары құбылмалылыққа қатысты жаңа экономикалық жағдайларға бейімделуі байқалды. МБҚ мен корпоративтік облигациялардың сауда-саттық көлемі айтарлықтай ұлғайды. Бейрезиденттердің МБҚ нарығына қатысу үлесі 2022 жылғы I тоқсанның соңына қатысты артты.

II тоқсанның бірінші жартысындағы тәуекелсіз кірістілік қисығы базалық мөлшерлеменің сәуірдегі жоғарылауы аясында қысқа және орта мерзімді аралықтарда ұлғайды. Бұл ретте өтімділік профицитінің өсуі аясында мамырмен салыстырғанда маусымда TONIA мөлшерлемесінің төмендеуіне, сондай-ақ өтеуге дейін қысқа мерзімге МБҚ барынша төмен кірістілігіне байланысты кірістілік қисығы «доғал» пішінді болды.

KASE BMY индексі 2022 жылғы II тоқсанның қорытындысы бойынша 11,62-ге дейін 61,6 базистік тармаққа өсті. Акциялар нарығында төмендеу үрдісі жалғасты. KASE индексі 3348,63 тармақтан 2674,72 тармаққа дейін 20,1%-ға төмендеді.

А) Мемлекеттік бағалы қағаздар

Қысқа және орта мерзімді аралықта тәуекелсіз кірістілік қисығының байқалып отырған өсуі базалық мөлшерлеменің 13,50%-дан 14,00%-ға дейін өсуі аясында болды.

21-график. Кірістілік қисығы



Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚҚБ

Сәуірде ҚР Қаржыминінің орналастыратын МБҚ кірістілігі жылдық 12,64-13,97% шегінде ауытқып, мамырда және маусымда жылдық 13,61-14,50%-ға дейін өсті. Тәуекелсіз кірістілік қисығының ең қысқа мерзімді аралықтағы кірістілігі мамырдағы салық кезеңінен кейін ақша нарығында профициттің өсуіне алып келген теңгелік активтерге сұраныстың төмендеуінен кейін маусымның соңына қарай төмендеді.

22-график. МБҚ нарығындағы мәмілелер көлемі, млрд теңге

Дереккөзі: ҚҚБ

2022 жылғы II тоқсанда МБҚ нарығындағы сауда-саттық көлемі 1 584,7 млрд теңгені құрады, бұл 2022 жылға арналған республикалық бюджет нақтыланғаннан кейін бюджеттің жоғары тапшылығын қаржыландыру қажеттілігі жағдайында бастапқы нарықта орналастырудың ұлғаюына байланысты 2022 жылғы I тоқсанға қарағанда 415,4 млрд теңгеге немесе 35,5%-ға артық (1 169,3 млрд теңге) және 2021 жылғы II тоқсанға қарағанда 2 еседен аса немесе 810,2 млрд теңгеге артық (775 млрд теңге). МБҚ бастапқы нарығында мәмілелер көлемі 58,4%-ға немесе 380 млрд теңгеге ұлғайып, 2022 жылғы I тоқсанға қарағанда 1 031,1 млрд теңге (650,8 млрд теңге) және өткен жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда 2 еседен астам немесе 535 млрд теңге

(495,96 млрд теңге) болды. МБҚ орналастыру көлемінің негізгі өсуі ҚР Қаржыминіне тиесілі, ол 966,5 млрд теңге (1 жылдан 5 жылға дейінгі өтеу мерзімімен 12,64% -14,5%-ға) тартты, бұл 2022 жылғы I тоқсанның көрсеткішінен 1,6 есе асып түсті (23-график).

Қалған көлемді мемлекеттік бағдарламаларды («2020-2025 жылдарға арналған Нұрлы жер», «Шаңырақ» және басқалар) қаржыландыру үшін жергілікті атқарушы органдар (Алматы қаласының әкімдігі және 10 облыс әкімдігі) 64,6 млрд теңгеге қаржы (2022 жылғы I тоқсандағы көрсеткіштен 1,5%-ға төмен – 65,59 млрд теңге) тартты.

23-график. Өтеуге дейінгі мерзімдер бөлігінде Қаржыминінің МБҚ, млрд теңге



Дерекқөзі: ҚҚБ

МБҚ қайталама нарығында сауда-саттық көлемі 6,78%-ға немесе 35,1 млрд теңгеге ұлғайып, 2022 жылғы I тоқсанға қарағанда 553,6 млрд теңге (518,4 млрд теңге) және өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2 есеге жуық немесе 275 млрд теңгеге төмен (278,55 млрд теңге) (22-график).

24-график. Бейрезиденттердің МБҚ көлемі, млрд теңге



Дерекқөзі: ҚРҰБ, БҚОД

Нарықтағы жағдайдың тұрақталуы және нарықтардың жаңа экономикалық жағдайларға бейімделуі аясында бейрезиденттердің МБҚ нарығына қатысу үлесі 2022 жылғы I тоқсанның соңына қатысты 2022 жылғы наурыздың соңындағы 424 млрд теңгеден (бейрезиденттердің үлесі - 2,92%) 2022 жылғы сәуірдің соңында 486 млрд теңгеге дейін (3,46%) артты. 2022 жылғы мамыр мен маусым айларында бейрезиденттердің қатысу үлесі тиісінше 470,9 млрд теңгеге (3,15%) және 477,5 млрд теңгеге (3,06%) дейін шамалы төмендеді (24-график).

Б) Корпоративтік облигациялар нарығы

2022 жылғы II тоқсанда корпоративтік облигациялармен жасалған мәмілелер көлемі көбінесе қайталама нарық есебінен өсті. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 2022 жылғы I тоқсандағы 178,3 млрд теңгеден (2021 жылғы II тоқсандағы 250,4 млрд теңгеден) 2022 жылғы II тоқсанда 524,3 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Бастапқы нарықтағы сауда-саттық көлемі 118,34 млрд теңге болды, бұл 2022 жылғы I тоқсанға (11,26 млрд теңге) қарағанда 107 млрд теңгеге артық және 2021 жылғы II тоқсанға (154,21 млрд теңге) қарағанда 35,87 млрд теңгеге аз. Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 405,96 млрд теңге болды, бұл 2022 жылғы I тоқсанға (166,99 млрд теңге) қарағанда 239

млрд теңгеге артық және 2021 жылғы II тоқсанға (96,17 млрд теңге) қарағанда 309,79 млрд теңгеге артық (25-график).

25-график. Корпоративтік облигациялар нарығындағы мәмілелер көлемі (млрд теңге)

Дереккөзі: ҚҚБ

Бастапқы нарықта орналастыру көлемі бойынша Қазақстанның орнықтылық қоры (57,5% немесе 58,45 млрд теңге), Азық-түлік корпорациясы (38,8% немесе 39,4 млрд теңге), ОнлайнКазФинанс МҚҰ (3% немесе 3 млрд теңге) көшбасшы болды. Эмитенттер арасында өтеу мерзімі 1 жылдан 3 жылға дейінгі қағаздарды шығару үрдісі сақталды.

Кірістілігі орташа нарықтық мәндерден айтарлықтай ерекшеленетін Азық-түлік корпорациясының бір шығарылымын қоспағанда, орналастырылған облигациялар бойынша мөлшерлемелер 10-20% аралығында өзгеріп отырды. 2022 жылғы екінші тоқсанның қорытындысы бойынша KASE_BMY индексі 11,62-ге дейін 61,6 б.т. өсті (26-график).

26-график. Корпоративтік облигациялардың кірістілік динамикасы, %



Дереккөзі: ҚҚБ

В) Акциялар нарығы

Бірқатар елдерде экономикалық өсудің баяулауы, АҚШ ФҚЖ ақша-кредит саясатының қатаңдауы 2022 жылғы II тоқсанда қор нарығының баға белгілеуінің төмендеуіне әкелді. Шикізат тауарлары бағасының өсуі, Қытайда қатаң короновирустық шектеулердің біртіндеп алынуы аясында акциялар нарығына мұнай-газ секторы қолдау көрсетті

Мәселен, талданып отырған кезеңде әлемдік қор биржаларының индекстері: S&P 500 (АҚШ) 16,4%-ға, Eurostoxx (Еуроаймақ) - 11,5%-ға, MOEX (Ресей) - 18,4%-ға төмендеді.

Әлемдік қор нарығынан кейін KASE индексі 3348,63-тен 2674,72-тармаққа дейін 20,1%-ға төмендеді (27-график).

27-график. Басқа елдердің қор биржаларының және KASE индекстері (2019ж. желт. = 100)



Дереккөзі: ҚҚБ, Thomson Reuters

Екінші тоқсанда KASE индексінің құрылымындағы барлық компаниялардың акциялары, «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың жай акцияларын қоспағанда олар «Альфа-Банк» ЕБ АҚ-ның 100% жай акцияларын сатып алу аясында 10,7%-ға өсті, теріс аймақта болды.

Акциялардың барынша төмен құлдырауы байланыс саласында байқалды. Нарықтың «Қазақтелеком» АҚ-ны «монополиясыздандыруды» теріс қабылдауы аясында «Kcell» АҚ-ның жай акциялары 36%-ға төмендеді.

«Kcell» АҚ-мен бірге «ҚазТрансОйл» (-32,4%), «KEGOC» (-14%) акционерлік қоғамдарының жай акциялары
екі мәнді төмендеу қарқынын көрсетті. Жарияланған есептерге сәйкес, компаниялардың таза пайдасы өткен жылғы мәндерден төмен болып, дивидендтік төлемдер бойынша шешімдермен инвесторлардың көңілін қалдырды.
Атом энергетикасына деген қызығушылықтың сақталуына қарамастан «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акцияларының бағасы 20,3% -ға төмендеді, бұл уран бағасының құбылмалылығына байланысты.
Қаржы секторында тежеулі құлдырау байқалды. «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ акцияларының бағасы 9,2%-ға төмендеді. Fitch және Moody's рейтингтік агенттіктері Банктің тәуелсіз деңгейдегі рейтингтерін растады. S&P Global Ratings Банктің бұрынғы «BB+/B» деңгейіндегі рейтингін растады, болжам «Тұрақты».
2022 жылғы 5 мамырда KASE индексінің өкілдік тізіміне «Kaspi.kz» АҚ-ның жай акциялары енгізілді. 2022 жылғы 27 мамырда акционерлердің жылдық жалпы жиналысы 2021 жылы бұрын төленген тоқсандық дивидендтерді ескере отырып, 2021 жылғы компанияның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдады. Осы шешімді күту аясында «Kaspi.kz» АҚ-ның жай акциялары 18,4%-ға төмендеді

28-график. KASE индексі және оның құрамдас бөліктері (2019ж. жел.=100)



Дереккөзі: ҚҚБ, Thomson Reuters

KASE акциялар нарығын капиталдандыру негізінен бірқатар компаниялардың акцияларының бағасының төмендеуі есебінен 20,8 трлн теңгеге дейін 10,5%-ға қысқарды.
2022 жылғы II тоқсанда акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 1,1 есеге артып, 38,6 млрд теңге болды, оның ішінде 12,9 млрд теңге шетелдік бағалы қағаздарды сатуға арналған KASE Global-ға тиесілі.

V. Депозит нарығы

2022 жылғы II тоқсанда депозиттік портфельдің өсуі өткен жылдың жоғары базасы мен валюталық салымдардың төмендеуі аясында жылдық мәнде бәсеңдеді. Өткен тоқсанмен салыстырғанда сәуірде, мамырда теңгенің айырбастау бағамының нығаюы, сондай-ақ теңгедегі қаражаттың әкелінуі және шетел валютасындағы қаражаттың әкетілуі салдарынан банк секторының долларландыру деңгейі төмендегені байқалады.

А) Депозиттік операциялар

2022 жылғы II тоқсанда депозиттік ұйымдардағы депозиттердің көлемі ұлттық валютадағы салымдар есебінен 2,7%-ға ұлғайып, 27,2 трлн теңге болды (өсу 8,1% ж/ж). Бұл ретте өткен жылдың жоғары базасы мен валюталық салымдардың төмендеуі аясында өсімнің бәсеңдегені байқалды. Маусым айында теңгедегі салымдар жыл басынан бері алғаш рет айтарлықтай өсімді көрсетіп, 17,6 трлн теңгеге дейін 752 млрд теңгеге артты. Олардың құрылымында халықтың салымдары 6,1%-ға, корпоративтік сектордың салымдары 4,4%-ға өсті (29-график).

29-график. Депозиттердің өсуіне құрамдас бөліктерінің қосқан үлесі, %-бен ж/ж



Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚДКҚ

II тоқсанның қорытындысы бойынша белгісіздіктің сақталуы және сәуір мен мамырда ұлттық валютаның нығаюы аясында валюталық салымдардың әкетілуі байқалды. Осыны ескере отырып, шетел валютасындағы депозиттер 9,6 трлн теңгеге дейін 1,8%-ға төмендеді. Халық тарапынан да, бизнес тарапынан да валюталық салымдардың тиісінше 1,9%-ға және 1,7%-ға төмендегені байқалды (30-график).

30-график. Депозиттік портфельдің құрылымы, трлн теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ

Б) Депозиттерді долларландыру

Айырбастау бағамының нығаюы, теңгедегі қаражаттың әкелінуі және шетел валютасындағы теңгенің әкетілуі аясында сәуір-мамыр айларында (сәуір – 35,2%, мамыр – 33,3%) наурызда басталған жалпы долларландыру деңгейінің төмендеуі жалғасты. Сонымен қатар, маусымда долларландыру біршама, яғни айырбастау бағамының әлсіреуі және заңды тұлғалардың салымдарына шетел валютасындағы қаражаттың әкелінуі салдарынан 35,3%-ға дейін артты.

Заңды тұлғалардың валюталық салымдарын долларландырудың ақпаннан бастап маусымға дейінгі аралықта өзгеруі жалпы долларландыру трендіне сәйкес келеді. Маусым айының қорытындысы бойынша корпоративтік сектордың валюталық салымдарының үлесі 36,8% болды (31-график).

31-график. Депозиттерді долларландыру, %



Дереккөзі: ҚР ҰБ

2022 жылғы маусымда жеке тұлғалардың салымдарын долларландырудың мамырмен (32,9%) салыстырғанда 33,6%-ға дейін аздап ұлғаюына қарамастан, II тоқсанның қорытындысы бойынша халықтың салымдарын долларландыру деңгейі наурыздағы 35,4%-дан 1,8 пайыздық тармаққа төмендеді. Халықтың депозиттерін долларсыздандыру тренді шағын және орташа салымдар сегментінде сақталады. Шоттағы көлемі 10 млн теңгеге дейінгі депозиттерді долларландыру 14,7%-ды (2021 жылғы II тоқсанда 16,0%), 50 млн теңгеге дейін – 18,8%-ды (20,3%) құрайды. Бұл трендке депозиттерге кепілдік беру жүйесі қолдау көрсетеді. 2022 жылғы қаңтардан бастап теңгедегі жинақ салымдары бойынша кепілдікті өтеудің ең жоғары мөлшері 15-тен 20 млн теңгеге дейін ұлғайды. Нәтижесінде кепілдіктердің ең жоғары сомасы 10-20 млн теңге салымын, теңгедегі және валютадағы салымдар арасындағы кірістілік дифференциалы кезінде валюта салымдары бойынша 5 млн теңгені құрады.

Ірі салымдар сегментінде (50 млн теңгеден астам) долларландыру деңгейі 2022 жылғы маусымда жоғары болып қалды және 71,4%-ды (66,8%) құрады, бұл депозиттердің жалпы долларландыру мөлшерінен 2 есе артық.

В) Депозиттік мөлшерлемелер

Базалық мөлшерлеменің көтерілуінен кейін корпоративтік сектордың да, халықтың да теңгедегі салымдары бойынша мөлшерлемелері өсуде.

Тартудың неғұрлым көп үлесі бар (86,9%) 1 айға дейінгі салымдар бойынша заңды тұлғалардың мөлшерлемелері 2022 жылғы I тоқсандағы 11,1%-дан 2022 жылғы II тоқсанда 11,7%-ға дейін (2021 жылғы II тоқсанда 7,3%) ұлғайды. 1 айдан 3 айға дейінгі салымдар бойынша орташа алынған мөлшерлемелер 8,9%-дан 11,7%-ға дейін (7,5%) ұлғайды, 3 айдан 1 жылға дейінгі салымдар бойынша 10,3%-дан 11,0%-ға дейін (7,2%) ұлғайды (32-график).

32-график. Заңды тұлғалардың мөлшерлемелері, %



Дереккөзі: ҚР ҰБ

Бөлшек сауда сегментінде тартудың ең көп үлесі 3 айдан 1 жылға дейін (38,2%) және 1 жылдан 5 жылға дейін (45,7%) мерзімді теңгедегі салымдардың мөлшерлемелері де өсуді көрсетті. 3 айдан 1 жылға дейінгі мерзіммен қысқа мерзімді салымдар 2022 жылғы I тоқсандағы 10,0%-дан 2022 жылғы II тоқсанда 10,8%-ға дейін (2021 жылғы II тоқсанда 8,9%) ұлғайды. 1 жылдан 5 жылға дейінгі салымдар бойынша мөлшерлемелер 10,7%-дан 12,1%-ға дейін (9,5%) ұлғайды (33-график).

33-график. Заңды тұлғалардың мөлшерлемелері, %



Дереккөзі: ҚР ҰБ

VI. Кредит нарығы

2022 жылғы II тоқсанда монетарлық саясатты қатаңдату аясында кредиттік ресурстардың құны көтерілді. Дегенмен, кредиттеу көлемі негізінен халыққа кредиттер және бизнеске теңгемен берілген қарыздар есебінен өсуін жалғастырды. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығынан басқа барлық салаларда жаңа кредиттер берудің өсуі тіркелді. Кәсіпорындарға жаңа кредиттер берудің өсуінің негізгі драйвері сауда және көлік секторлары болды.

А) Кредиттік мөлшерлемелер

Базалық мөлшерлеменің жоғарылауынан кейін бизнес субъектілеріне кредиттердің құны көтерілді (34-график). 2022 жылғы II тоқсанда заңды тұлғалар үшін теңгедегі кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 4 пайыздық тармаққа 15,6%-ға дейін өсті, ал жеке тұлғалар үшін 0,1 пайыздық тармаққа 17,2%-ға дейін ұлғайды.

34-график. Берілген кредиттер бойынша мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚРҰБ

Базалық мөлшерлеменің өзгеруі жеңілдікті бағдарламалар үлесінің кеңеюіне байланысты ипотекалық кредиттер құнының тиісті өзгеруімен қатар жүрмеді. Мәселен, ипотека бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2022 жылғы II тоқсанда 8,3% деңгейінде қалып, өзгерген жоқ. Жеңілдікті автокредиттеуді іске қосу және банктердің акцияларды қайта бастауы тұтынушылық кредиттер бойынша мөлшерлеменің I тоқсандағы 19,1%-дан II тоқсанда 17,9%-ға дейін төмендеуіне әкелді (34-график).

Б) Жаңа кредиттер беру

II тоқсанда берілген жаңа кредиттер көлемі 5,7 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 8,5%-ға жоғары (35-график). Өсудің басты драйвері халыққа кредиттер болып табылады, олар 17,7%-ға өсті (35-график).

35-график. Берілген жаңа кредиттер



Дереккөзі: ҚРҰБ

Жеке кредиттеудің өсуіне жаңа тұтыну кредиттері елеулі үлес қосты, олар өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 15,9%-ға өсті (36-график). Жеңілдікті автокредиттеуді іске қосу және ірі банктерден «0-0-12» акциялары тұтынушылық қарыздардың өсуіне жаңа серпін берді.

36-график. Жеке тұлғаларға берілген кредиттер



Дереккөзі: ҚРҰБ

Тұтынушылық кредиттерден басқа, ипотекалық кредиттер де жеке кредиттеудің өсуіне оң үлес қосты. «Отбасы Банкі» АҚ мен «7-20-25» бағдарламасының жеңілдікті ипотекалық бағдарламалары үлкен сұранысқа ие, себебі ипотека бойынша мөлшерлемелер нақты мәнде теріс аймақта және нарықтық мөлшерлемелерден айтарлықтай төмен. Берілген ипотекалық қарыздар көлемі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 13,2%-ға өсті (35-график).

Кәсіпорындарға берілген кредиттердің көлемі II тоқсанда өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 0,5%-ға ұлғайды (34-график). Ұлттық валютадағы жаңа кредиттер 10,2%-ға өсті, ал шетел валютасындағы қарыздар өткен жылдың мамырында жоғары база аясында 43,6%-ға төмендеді.

37-график. Салалар бөлінісінде бизнеске берілген кредиттер



Дереккөзі: ҚРҰБ

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығынан басқа барлық салаларда (тиісінше 17,4%-ға немесе 11,5%-ға төмендеді) жаңа кредиттер берудің өсуі тіркелді. Өсудің негізгі драйверлері сауда және көлік болып табылады, олар II тоқсанда тиісінше өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 10,0%-ға және 130,8%-ға өсті (36-график).

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген кредиттер көлемі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 0,7%-ға артты.

Бизнеске берілген кредиттердің негізгі көлемі айналым қаражатын толықтыруға бағытталған (74,9%), олар 4,9%-ға ұлғайды. Объектілерді салуға және реконструкциялауға кредиттер берудің 23,2%-ға, негізгі қорларды сатып алуға 47,2%-ға төмендеуі байқалды (37-график).

38-график. Бизнеске берілген кредиттер кредиттеу объектілері бөлінісінде



Дереккөзі: ҚРҰБ

В) Нетто-кредиттеу және ЕДБ кредиттер портфелі

2022 жылғы II тоқсанда берілген және өтелген жаңа кредиттер арасындағы айырма ұлттық валютада нетто-кредиттеудің [2] өсуі есебінен оң қалыптасты (38-график).

Жеке тұлғаларға ұлттық валютамен нетто-кредиттеу жеке кредиттеудің басты драйвері болып табылатын тұтыну мақсаттарына кредит беру және ипотекалық кредит беру есебінен оң қалыптасты.

[2] Нетто-кредиттеу берілген жаңа кредиттер мен өтелген кредиттер арасындағы айырма болып табылады

39-график. Нетто-кредиттеу



Дереккөзі: ҚРҰБ

Жиынтық кредиттік портфельдің көлемі (банктік кредиттер бойынша берешектің қалдығы) маусымның аяғында жылдық көрсетуде 27,5%-ға ұлғайып, 20,1 трлн теңгені құрады (II тоқсандағы өсу – 4,3%, жыл басынан бері – 8,4%) (39-график). Ұлттық валютадағы кредиттеу портфельдің өсуіне негізгі үлес қосты, ал шетел валютасындағы кредиттеу теріс салымды сақтап қалды.

40-график. ЕДБ кредиттік портфелінің өсу динамикасы



Дереккөзі: НБРК